

#31-32

(967-968)

13 қазан

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АЛДЫМЕН ОТАНДЫҚ СПОРТШЫНЫ ЖАРЫЛҚАЙЫҚ!



✓ BRENT \$87.8

✓ USD 477,5 T


✓ EUR 502,5 T

✓ RUB 4,83 T

olympic.kz

2-бет

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН АЗИАДА ОЙЫНДАРЫНДА ЕЛ ҚҰРАМАСЫ 10 АЛТЫН, 22 КҮМІС, 48 ҚОЛА МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ. АТЛЕТТЕРІМІЗ НЫСАНА КӨЗДЕУ, ЕСКЕК ЕСУ, ВЕЛОЖАРЫС, ДЖИУ-ДЖИТСУ СПОРТЫНАН ҮЗДІК ШЫҚТЫ.



Мемлекет басшысы жуық арада спортты дамыту үшін қабылдануға тиіс нақты шараларға тоқталды:

- * Кәсіби спорт түрлеріне бөлінетін қаражаттың қайтарымын түбегейлі арттыруға көңіл бөлу;
- * Әр өңірдің ерекшелігіне қарай нақты спорт түрлеріне баса назар аударып, қаржыны негізсіз жұмсау тәжірибесін тоқтату;
- * Бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамытуға көңіл бөле отырып, аталған саланы қаржыландыру моделін қайта қарау.

Президент спортшылар резервін даярлау мәселесіне арнайы тоқталып, Үкімет пен әкімдер дарынды әрі болашағынан зор үміт күттіретін атлеттерге қолайлы жағдай жасауға тиіс екенін айтты.

«Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір қыз-жігіттер жеткілікті.

АЛДЫМЕН ОТАНДЫҚ СПОРТШЫНЫ ЖАРЫЛҚАЙЫҚ!

Осы аптада Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев каратэден жалпы командалық есепте бірінші орын алған Қазақстан құрамасын ерекше атап өтті. Азиадада осы спорт түрінен қатысқан 8 спортшының бәрі жеңіс тұғырына көтерілгені мәлім.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңіске жетуіне бапкерлер және басқа да мамандар айрықша үлес қосқанына тоқталды. Спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүретінін атап өтті.

«Қажырлы еңбек пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігердің арқасында әрқайсыңыз жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіздер. Алайда еліміздің жалпы көрсеткіші өткен Олимпиада мен Азиада ойындарынан да өте жақсы болуы мүмкін еді. Мұны ашық айтуымыз керек. Бокс, ауыр атлетика, еркін және грек-рим күресі дәстүрлі түрде ел құрамасының қоржынына

жүлде салып, айтарлықтай үлес қосатын. Жеңіл атлетика, спорттың командалық түрлері жанкүйерлерімізді көбірек қуанышқа бөлейтін. Барлық спорт түрі бойынша кеткен қателіктерді түзету үшін ауқымды жұмыс атқару қажет», - деді Президент.

Елімізде спорт саласы әрдайым мемлекеттің назарында. Оны дамыту үшін қомақты қаржы бөлінеді. Әйтсе де, еліміздің кәсіби спорттағы көрсеткіштері жоғары деңгейде емес. Осыған қатысты Мемлекет басшысы былай деді. «Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек».

Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларға жол ашуымыз керек. Фаворитизм мен әділетсіздіктің кез келген түріне тосқауыл қойып, іріктеудің ашық және шынайы өткізілуін қамтамасыз ету аса маңызды. Халықаралық жарыстарда ел намысын үздіктердің үздігі ғана қорғауы керек. Отандық спортта әділеттілік қағидаты мен бәсекенің шынайылығы бірінші орында тұруы тиіс», – деді Президент.

Мемлекет басшысы өткен жарыстардағы олқылықтардан нақты сабақ алып, алдағы Париж Олимпиадасына тыңғылықты дайындалуға шақырды. Президент спортшыларға және бапкерлер корпусының жұмысына табыс тіледі. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар спортшыға Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау грамоталарын табыстады.

МӘЖІЛІСТЕ ОҚУ-АҒАРТУ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ЕДІЛ ОСПАН БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ. ОНДА БАЛАНЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН КӘСІБИ ОТБАСЫЛАР ИНСТИТУТЫН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ТҮЗЕТУЛЕР ӘЗІРЛЕНІПТІ.

«Жетім қалғаны анықталғаннан кейін балалар үйлеріне емес, бірден отбасыларға табысталады. Әр бала ата-ананың қамқорлығымен қамтылуы үшін бір кәсіби отбасындағы балалар саны 4 баладан аспайды. Асырап алушы ата-ананың жасы 30 бен 53 жас аралығында болады. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасы мәртебесін алуға үміткер отбасылар психологиялық даярлықтан және қамқоршылық-қорғаншылық органдардан аккредиттеуден өтеді», - дейді вице-министр.

Психологиялық дайындықты жетім балаларға арналған білім беру ұйымдары жүзеге асырады. Бұл ұйымдар оқыту нәтижесіне қарай өз ұсынысын дайындайды. Қорғаншы органдар кәсіби отбасыға үміткерлердің заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді. Дайындалған қорытындыға талдау жүргізіп, оның нәтижесі бойынша үміткер отбасын тіркейді.

Министрлік жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды ғана емес, панасыз, қараусыз қалған, арнайы әлеуметтік қолдауға мұқтаж балаларды да отбасыларға орналастыруды ұсынып отыр.

Материалдық ынталандыру үшін асырап алынған балаға 10 АЕК (биылғы 1 АЕК – 3450 теңге) мөлшерінде ай сайынғы жәрдемақы және балалардың отбасында болу мерзіміне байланысты әрбір кәсіби тәрбиешінің қызметіне 70 АЕК (241 500 теңге) көлемінде ақы төленеді.

Материалдық ынталандыру демекші, тіл ұшында тұрған сауалды Мәжіліс депутаты Ринат Зайытов қойды: «Қоғам керемет тәрбиелі деп өтірік айта алмаймыз. Баланы ақша табу мақсатында арам пиғылмен, жауапсыздықпен асырап алатындар

бар. Оларға қандай жауапкершілік қарастырылған? Бұл бірінші сұрақ. Екінші. Ескеретін дүние бар. Көп бала перзентханада қалып қояды. Оны өздеріңіз де білесіздер. Үйінде балалары жоқ таныстарым бар. Олар баланы перзентханадан бірден алып кетсек дейді. Бірақ

Ал егер кәсіби отбасыда балалардың құқықтарын бұзу анықталса, оған қатысты шаралар қолданылады. Мәселен, отбасы баладан бас тартса, ол тез арада басқа кәсіби отбасыға орналастырылады. Егер отбасы қатарынан 3 рет баладан бас тартса,

«КӘСІБИ» ОТБАСЫ БАЛАНЫ АҚША АЛУ ҮШІН АСЫРАП АЛСА ШЕ?



оның өзіндік бюрократиясы бар. Ал перзентханадағы бала сол аралықта мүлдем қараусыз болады. Перзентханадан баланы бірден алып кетуге болатын бағдарламаның жеңілдетілген түрі бар ма?».

Депутаттың сауалына жауап берген вице-министр заң жобасында отбасы қамқорлығын қажет ететін балалар перзентханада анықталған жерінен, тіпті көшеден табылған жерінен бірден отбасыға берілетінін айтты. Мұнда шұғыл тәсілмен орналастыру қарастырылған, яғни кәсіби отбасылар 24 сағат бойы балаларды қабылдап алуға дайын болуы керек. Сол үшін олар арнайы дайындықтан, психологиялық тексеруден өтеді. Бұл норма ата-аналардың қамқорлығын қажет ететін балаларды тез арада отбасыға беру тәсілін енгізуді көздейді. Әрине, кім көрінгенге емес. Арнайы дайындықтан өткен кәсіби отбасыға.

онда оны аккредитациясынан айыру мәселесі қарастырылады. Баланың құқығы бұзылған жағдайда дереу аккредитациядан айырады. Қамқоршылық-қорғаншылық органдары құқық қорғау органдарына баланың құқығы бұзылғаны жөнінде арыз жазады. Мұндай отбасылар келешекте кәсіби бола алмайтын отбасылар тізіміне енгізіледі.

Былай қарасаң, заңда бәрі ескерілген, жұп-жұмыр сияқты. Бірақ «кәсіби отбасы» деген ұғымды қолданған қаншалықты дұрыс? Жалпы «кәсіби» атауын иеленгісі келетін, яғни бала асырауға дайын отбасылар аз ба, көп пе? Сондай-ақ «бір рет бас тартса», «3 рет бас тартса» деген не сөз? Бір «кәсіби» отбасынан екіншісіне ауыстыра салатындай баланың тағдыры ойыншық па?

Қысқасы, сауал көп.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН АУҚЫМДЫ ИНДУСТРИАЛДЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАРШЫЛЫҚ. СОНЫҢ БІРІ – ҰШҚЫШСЫЗ АППАРАТ ШЫҒАРУ. ТЫҢ ЖОБАНЫ ПЕТРОПАВЛ АУЫР МАШИНА ЖАСАУ ЗАУЫТЫ ҚЫТАЙ КОМПАНИЯСЫМЕН БІРЛЕСІП ҚОЛҒА АЛДЫ.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевтың Қытай Халық Республикасына сапары барысында бірлесіп ұшқышсыз ұшатын аппарат шығару туралы меморандумға қол қойылған болатын. Осы сапардың қорытындысы бойынша еліміздегі іргелі өндіріс орындарының бірі –



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ҰШҚЫШСЫЗ АППАРАТ

Петропавл ауыр машина жасау зауытында жаңа өндіріс іске қосылды. Тың жоба индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Осылайша еліміздің өнеркәсіп саласында ойып алар өз орны бар теріскейлік зауыт Орта Азия елдері арасында осындай аппарат шығаратын жалғыз кәсіпорын атанды. Кеңес

Одағы кезінде 40 жыл бойы әскери техника мен зымыран шығарған Петропавл ауыр машина жасау зауыты бас директорының арнайы өнімдер жөніндегі орынбасары Тимур Нукерейдің айтуынша, Орталық Азияда мұндай дрондардың аналогы жоқ.

Инновациялық құрылғының әскери қызметте, азаматтық қорғаныс,

туризм, ауыл шаруашылығы саласында пайдасы зор. Орманшылар да өз игілігіне жарата алады.

Атап айтсақ, ол суда және орманды жерлерде адамдарды құтқару мақсатында қолданылмақ. Батып бара жақтан адамға құтқару кеудешесі мен қайық лақтыра алады.

Сонымен қатар бұл – салмағы 150 килограмдық аспалы жабдық



тасымалдауда таптырмас құрал, яғни адам аяғы жүре алмайтын жерлерде, мәселен, ормандар мен таулардағы, көпқабатты биік ғимараттардағы өртті сөндіруге қолайлы. Нақтылай түссек, аппарат отқа оранған ғимараттың терезесін сындырып кіріп, өрт сөндіргіш зат шаша алады. Адасқан адамдарға бағдар беріп, жол табуына көмектеседі.

Кең бейінді дрон полицейлер үшін де көмек. Тәртіп бұзушыны іздеп табу ол үшін оп-оңай. Құрылғы

қарай алдағы уақытта олардың түрлерін көбейту көзделіп отыр. Олардың арасында авиациялық керосинмен де, батарея арқылы да жұмыс істейтіні болады. Жаңа техника сынақтан сәтті өтті.

Әзірге жаңа аппараттың бөлшектерінің басым бөлігі Қытайдан жеткізілуде, отыз пайызы ғана жергілікті кәсіпорында өндіріліп, осында құрастырылуда. Таяу арада жартысы осы зауытта шығарылады деп жоспарланып отыр.



желісін толығымен қызылжарлық әріптестеріне береді деп жоспарланып отыр.

Бір аппаратты құрастыруға шамамен бір айдан үш айға дейін уақыт шығындалады. Кәсіпорын тапсырыс берушінің сұранысын ескеріп, түрлі өзгеріс енгізе алады. Олардың сын-ескертпелері мен талап-тілектерін тыңдау үшін бұған дейін аппараттардың тұсаукесері өткізілген болатын. Соның нәтижесінде құрылғы жетілдіріле түсуде. Аппараттар негізінен Қазақстан нарығына бағдарланған. Оған қазірдің өзінде тапсырыс түсіп жатқан көрінеді.

«Бүгінгі таңда бүкіл әлемде ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану өзекті болып отыр. Сондықтан замана көшінен қалмай, уақыт талабына сай болу керек деп санаймыз. Мен мұны жаңа технологиялар саласындағы ауыз толтырып айтар жетістік дер едім. Осы өндірістің арқасында Қазақстан өз дамуының анағұрлым жоғары деңгейіне шығады деп ойлаймын. Осы өндіріс арқылы біз еліміздің мәртебесін көтеріп қана қоймай, көптеген маңызды мәселелерді шеше аламыз», - деді зауыттың бас директорының орынбасары Тимур Нукерей.

Өңір басшысы екінші тынысы ашылған кәсіпорынның әлеуметтік саясатын және даму қарқынын оң бағалады.

Роза ШӘКЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы

ШЫҒАРЫЛАДЫ

қылмыскердің бет-бейнесі мен орналасқан жерін қауіпсіздік қызметіне жедел жеткізеді. Белгілі бір аумақта патруль жасауға, шекараны қорғауға ыңғайлы. Оператордың экранына белгіленген аумақтың 3D бейнесін шығарады. Қажет болған кезде дабыл қағатыны тағы бар. Тапсырманы орындап болған соң оператордың көмегінен орнына қайтып оралады.

50 шақырымға дейін биіктікке көтеріліп, -50 градус аязда 6 сағат бойы үздіксіз жұмыс істеуге қауқарлы дрондар бар. Оны инженерлік-техникалық мақсатта да пайдалануға болады. Құрылғының дәлдігі өте жоғары, топографиялық түсірілімінің ауытқушылығы жоқ дерлік, жер бедерін 3D форматында түсіре алады.

Кәсіпорында әзірге жаңа буын аппаратының төрт түрі өндірілуде. Тапсырыс берушінің сұранысына

«Қазақстанда машина жасау саласында жұмыс істеп жатқан зауыттар баршылық. Тіпті осы Петропавл қаласында да Киров атындағы зауыт бар. Солармен бірлесе отырып, ұшқышсыз аппараттың қосалқы бөлшектерін жасауға тапсырыс беру ойымыз бар. Сондай-ақ өзіміздің зауытта қосымша цехтар ашылады», - дейді бас директордың орынбасары Тимур Серікұлы.

Бұл бағытта әзірге 40 адам жұмыс істеп жүр, білікті маман тапшы. Алғашқы дрондарды олар қытайлық серіктестерімен бірлесіп жасап шығарды. Енді кәсіпорын басшылығы өз жұмыскерлерін Қытайдағы зауытқа тәжірибе жинақтауға жібермекші. 9 маман аспанастаны елінде екі-үш ай бойы біліктілігін шыңдамақ. Кейін бұл толығымен жергілікті өндіріс атанбақ. Қытайлықтар өндіріс

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДА «ҚАУІПСІЗ ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТАРАПЫНАН БЕКІТІЛГЕН ОСЫ ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. ҚҰЖАТ ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ, ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ, МЕМЛЕКЕТТІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ЖҮЙЕСІН ДАМУТ ЖӘНЕ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУ ЖАҒДАЙЫ СИЯҚТЫ БІРНЕШЕ БАҒЫТТЫ ҚАМТИДЫ. БҰЛ РЕТТЕ ЕЛІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУҒА АЙРЫҚША МӘН БЕРІЛГЕН. ОСЫ МАҚСАТПЕН ҚАРУ-ЖАРАҚ ПЕН ӘСКЕРИ ТЕХНИКАНЫҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ ЖОЛҒА ҚОЮ, ОҚ-ДӘРІ САҚТАЙТЫН ЖАҢА НЫСАНДАРДЫ САЛУ, ӘСКЕРИ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ, РЕЗЕРВ ҚЫЗМЕТІН ЕНГІЗУ СИЯҚТЫ МІНДЕТТЕР КӨЗДЕЛІП ОТЫР. БЕЛГІЛІ ӘСКЕРИ САРАПШЫ, ПОЛКОВНИК, ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ МАНАС МАҒҰЛОВ JASQAZAQ.KZ САЙТЫНЫҢ ТІЛШІСІНЕ ҰЛТТЫҚ ЖОБА ШЕҢБЕРІНДЕ АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕ АЙТЫП БЕРДІ.



МАНАС МАҒҰЛОВ:

ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ҮНЕМІ ЖИНАҚЫ

– Манас Бадыханұлы, жаңадан пайда болған сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге сай әрекет ету үшін Қарулы күштеріміз қай бағытта дамуы керек?

– Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың тәжірибесін ескере отырып, ұшқышсыз ұшу аппараттары мен жоғары дәлдіктегі қаруды қолдануды, әскерлерде жауынгерлік іс-қимылдардың жаңа тактикалық тәсілдерін игеруге басты назар аударған жөн. Әскерлер жоспарлы түрде озық қару-жарақпен және әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Ол үшін шетелдік өнімдерді игерумен қатар, отандық қорғаныс өнеркәсібін де дамытуды жалғастырғанымыз дұрыс.

Таяуда Мемлекет басшысы Kazakhstan Paramount Engineering зауытында болып, кәсіпорын шығаратын броньды машиналардың мүмкіндіктерімен танысты. Бұл компания – Қазақстанда ғана емес Орталық Азия аймағындағы дөңгелекті броньды техника шығаратын бірден-бір кәсіпорын.

Зауыттың тынысымен танысу барысында Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы саланы ілгерілетудің келешегі зор екенін ерекше атап өтіп, компанияны қорғаныс өнеркәсібіне маманданған отандық кәсіпорындарды дамытуға жан-жақты атсалысуға шақырды.

Бұдан бөлек, жаңа технологияға негізделген отандық «Шағала» ұшқышсыз ұшу аппараты туралы да осы саланың мамандары өздерінің оң пікірлерін айтуда. Сондықтан, сыртқа алақан жая бермей, өзіміздің ішкі мүмкіндіктерімізді қарастырып, соның есебінен бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға қол жеткізген жөн болады.

– Қазақстанның бейбітсүйгіш ел екенін дүниежүзі біледі.

Дегенмен де мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту күн тәртібінен түспек емес. Жалпы ел қауіпсіздігі қаншалықты қамтамасыз етілуде, Қарулы Күштеріміздің қарым-қабілеті қандай деген сұрақ әрбір азаматты толғандыратыны анық.

– Осыдан тура бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қазақстанның Әскери доктринасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл қазіргі заманғы қауіп-қатерлерді ескере отырып, дер кезінде қабылданған шешім деп есептеймін.

Жаңа доктринада Қарулы күштердің жауынгерлік әлеуетін арттыру үшін арнайы операциялар күштерін дамыту және олардың басқа мемлекеттік органдардың

арнайы мақсаттағы бөлімшелерімен өзара іс-қимылын кеңейту көзделген.

Әскери сарапшы ретінде күштік құрылымдардың тыныс-тіршілігін жіті бақылап отырамын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, соңғы уақытта еліміздің қорғаныс қабылетін нығайту бағытында біраз оң қадамдар жасалды. Оның ішінде жауынгерлік әзірлікті қолдаумен қатар, әскери қауіпсіздіктің өзекті қатерлерін ескере отырып, Қарулы күштердің құрылымы мен құрамын жаңғырту, цифрлық тәсілдер арқылы әскери басқару жүйесін жетілдіру, армияны қазіргі заманғы жоғары технологиялық қару-жарақ пен әскери техниканың үлгілерімен қайта жарақтандыру, жауынгерлік даярлыққа әскерлерді қолданудың жаңа әдістерін енгізуді бөліп айутға болады.

«Бекет-2023», «Батыл Тойтарыс-2023» сияқты ауқымды оқу-жаттығулары барысында күштік құрылымдармен, орталық мемлекеттік және жергілікті

құру қажет. Біріншісі орта буындағы офицерлерді оқытатын салалық академия болса, екіншісі жоғарғы стратегиялық буындағы басшы офицерлерді даярлайтын Бас штаб академиясы болуы тиіс. Бастапқы базалық әскери білімі бар (әскери кафедраларды қоспағанда) бүкіл қазақстандық офицерлерді салалық академияға тек қана батальон деңгейінен, тек қана әскерлерден қабылдаған дұрыс.

Салалық академияда әр офицер екі жыл өзінің мамандығы бойынша факультеттерде білімін әрі қарай жетілдірсе. Сол арқылы біз бірден екі міндетті шешер едік, бірінші – офицерлер құрамын сапалы сұрыптаудан өткіземіз, екінші – өз ісінің кәсіби мамандарын даярлап шығарамыз. Осылайша бес-он жылдың ішінде Қарулы күштердің кәсіби деңгейі анағұрлым арта түсер еді.

Ал Бас штабтың академиясына екі жылда бір рет «бригада-дивизия» буынынан үздік деген 20-25 тыңдаушыны таңдап алып,

даналығы, қажымас қайраты, терең ақыл-ойы мен жан-дүниесінің кеңдігі, азаттық пен тәуелсіздікке ұмтылысы – осының бәрі болашақ Отан қорғаушысын тәрбиелеуге негіз болуы тиіс.

Әйтсе де медальдің екінші жағы, материалдық ынталандыру мәселесі бар. Кезінде Қарулы Күштер қатарына шақыру жүйесін өзгерту, ҚР «Баламалы әскери қызмет туралы» Заңын әзірлеу, әскери міндеттілер үшін кемінде 2 миллион теңге бір жолғы жәрдемақы үшін депозит ашу және оны әскери қызмет өткергеннен кейін төлеу туралы ұсыныс айтқанмын.

Тағы бір құптарлық қадам – еліміздің қорғаныс министрлігі еліміздің 50-ден астам жетекші жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қойды. Осыған сәйкес, мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтар ҰБТ-ны тапсырмай, бірден оқуға қабылданып, ал үздіктерге тегін оқуға арнайы гранттар берілетін

ҮШІН ЕТЕК-ЖЕҢІМІЗДІ ҰСТАҒАН АБЗАЛ

атқарушы органдармен өзара іс-қимыл пысықталды.

– **Жоғары жауынгерлік дайындық пен озық техниканың басты көрсеткіш екені белгілі. Бірақ соны ұршықша үйіре білетін білікті маман керек қой?**
– Әлбетте, ұрыс даласындағы жеке тұлғаның рөлін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазір әскери білім беру мен кадр саясаты жүйесін дамыту, жеке құрамның кәсіби деңгейін көтеру маңызды мәнге ие болып отыр.

Осы мәселеге қатысты ой-ұсынысымды бұрын да талай рет айтқан едім, соны тағы да еске салғым келеді. Отандық әскери білім беру жүйесін өзгерту керек. Қазіргі Ұлттық қорғаныс университетін екіге бөліп, қайта

оларды әлем елдерінің тәжірибесі негізінде жедел және стратегиялық өнерге баулуға болады. Кейін Бас штаб академиясын бітірген түлектерді әскер түрлері мен тектерінің, Ұлттық ұлан мен шекара әскерлерінің қолбасшылығына және тағы басқа да басшылық лауазымдарға тағайындауға болады.

– **Әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен әскери қызметтің беделін арттыру, сондай-ақ жастарды әскери борышын өткеруге ынталандыру туралы не айтар едіңіз?**

– «Ел боламын десең, ең алдымен бесігіңді түзе» демекші, отансүйгіштік рухты өскелең ұрпақтың бойына ана сүтімен сіңіру керек. Халқымыздың сан ғасырлық

болды. Естуімше, биылдың өзінде осы бағдарлама бойынша 1,5 мың сарбаз әскерден кейін студент атанған көрінеді.

Біз әңгімелесіп отырған дәл осы уақытта Таяу Шығысты тағы бір қарулы қақтығыс бұрқ ете түсті. Өкінішке орай әлем картасындағы отты нүктелер азаймай тұр. Кеңестер Одағы кезіндегі Ош оқиғасы, Таулы Қарабахтағы қақтығыстардың тірі куәгері ретінде баршаңызды бейбіт күннің қадірін сезінуге шақырамын. Сонымен қатар, қамданған қапы қалмайды демекші, елдің болашағы үшін етек-жеңімізді үнемі жинақы ұстаған абзал.

**Әңгімелесен
Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**

ӘБІЛХАН АТАМЫЗДЫҢ СУРЕТТЕРІ ҒАЖАЙЫП ӘСЕР СЫЙЛАДЫ

ШЫҒЫСТЫҢ ДАРА ОЙШЫЛЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ТАРИХТЫ БІЛМЕЙ, ӨТКЕНДІ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДЫ БІЛУ, БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ ҚИЫН» ДЕГЕН СӨЗІ БАР. ӘРБІР АДАМ ӨЗІНІҢ ӨТКЕНІН, АТА-БАБАСЫНЫҢ ТАРИХЫН, ЕЛІНІҢ, ЖЕРІНІҢ ТАРИХЫН БІЛУГЕ МІНДЕТТІ. БҰЛ, ӘСІРЕСЕ, БІЗ СИЯҚТЫ СТУДЕНТ ЖАСТАРҒА ҚАРАТЫП АЙТЫЛҒАН СӨЗ. ҚАЛАДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАРДЫ БІР-БІР АРАЛАП ШЫҚСАҢ ДА, КӨП МАҒЛҰМАТТЫ БІЛУГЕ БОЛАДЫ. МӘСЕЛЕН, ЖАҚЫНДА БІЗ ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ МУЗЕЙГЕ ЭКСКУРСИЯҒА БАРДЫҚ. СӨЗДІҢ ШЫНЫ КЕРЕК, БҰЛ ЭКСКУРСИЯ МЕН ҮШІН ӨТЕ ПАЙДАЛЫ БОЛДЫ.



1976 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының (1935 ж.) және Республикалық қолданбалы өнер музейінің (1970 ж.) қоры негізінде қаланған музейге 1984 жылы қазақтың ұлы суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілген болатын. Міне, сол кезден бастап өнер мұражайы халыққа қызмет ете бастады. Көптеген оқушылар, студенттер, мұғалімдер, қарапайым адамдар, кез-келген саладағы маман иелері барып, тамашалай алады. Мұражай өте үлкен, суретшінің барлық туындылары осы арадан табылады. Үлкен төрт залда суретшінің құжаттары, кескіндеме, жеке заттары және 400-ден аса акварельдік туындылары сақтаулы тұр. Мұражайда Қазақстанның бейнелеу өнері, қолданбалы өнері, шетелдің классикалық өнері, жаңа дәуірдегі шетел өнері, қорлар, қайта қалыпқа келтіру, көрме және экспозиция, насихаттау және экскурсиялық қызмет көрсету, ақпарат және баспа ісі сынды тоғыз ғылыми орталық жұмыс істейді.

Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салған Әбілхан атамyz өте шыншыл, адал кісі болған. Көрген-білгенін еш өзгеріссіз қағаз бетіне сурет арқылы түсіріп отырған. Өмірінің соңына дейін сурет салумен айналысқан. Өмірінің соңында салған суретін өз көзімізбен көріп, ерекше бір күйде болдық. Өте мағыналы, қарап тұрсаң тұңғығына алып кететіндей әсерлі сурет. Осындай керемет дүниені өз көзіммен көріп, атамyzдың өз қолымен салған суреттері арқылы жақынырақ тани түстік десек те болады. Мұражай бізге ғажайып бір әсер сыйлады десем, артық айтқандық емес.

Аружан ОРАЗБАЙ,

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті

АЛМАТЫДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ «БАС АУЫРТАТЫН» БІР МӘСЕЛЕСІ – БАСПАНА. АТА-АНАСЫ АУҚАТТЫ СТУДЕНТКЕ РАХАТ, ПӘТЕР ЖАЛДАЙ САЛАДЫ. ЖАҒДАЙЫ ОНША ЕМЕСТЕР ЖАТАҚХАНА ЖАҒАЛАЙДЫ.

ЖАТАҚХАНА ТӘРТІПКЕ ҮЙРЕТЕДІ

Жатақхананың қазіргі таңдағы бағасы - кем дегенде 200 мың теңге. Кейбіреуге сол 200 мың теңгені төлеудің өзі оңай емес. Бірақ пәтер жалдағаннан жақсы. Мысалы, пәтерде тұрып ай сайын 200 мың теңге төлеуі мүмкін. Ал жатақханадағы орын үшін жылына бір рет төлесе болды. Осының өзі студенттерге үлкен көмек деп ойлаймын.

Тағы айта кететін жайт, жатақханадағы студенттердің өмірі қызыққа толы. Тұйық мінезді студенттер дәл осы жатақханада тұрып ашылады. Себебі мұнда ол көп адаммен араласып, ойын еркін жеткізуге дағдыланады. Көп нәрсені үйренеді.

Жатақханада тұрғанның тағы бір жақсы жері: мұнда тәртіп бар. Өйткені сыртқа қыдыруға шыққанда сағат 23:00-ден қалмай, есіктен кіріп үлгеру керек. Ал одан кешіксең, жатақханаға кіре алмайсың. Мұның өзі студентті тәртіпке үйретеді.

Жатақханада барлығы ортақ. Тұратын бөлмең, жейтін тамағың, сабақ оқитын орның. Жатақханада осындай нәрселердің өзімен өмірің қызықты болып кетеді. Алматыдағы жатақхана тіршілігі – қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұмытылмас кезең.

Аружан НҰРМҰХАНБЕТ,

Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері
университетінің 2 курс студенті

СТУДЕНТТЕР КІТАП ОҚИ МА?

«ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА АДАМДАР КІТАП ОҚУДЫҢ ОРНЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН ШЫҚПАЙДЫ, КІТАПХАНАЛАР БОС, АЛ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҚАЛЫҢ КІТАПТИҢ БЕТІН ДЕ АШПАЙДЫ» ДЕГЕН ОЙМЕН КЕЛІСЕСІЗ БЕ? ӨЗІМ СТУДЕНТ БОЛҒАНДЫҚТАН, БІРГЕ ЖҮРГЕН ҚАТАРЛАСТАРЫМА ОСЫНДАЙ САУАЛ ТАСТАДЫМ.

Несін жасырайын, студент достарымның арасында кітап оқитындар аз болып шықты. Дегенмен мүлде оқымайды деп те айта алмаймын.



Менің сауалыма жауап бергендердің сөзінен қазіргі жастардың шетел әдебиетіне көбірек қызығатынын байқадым. Әсіресе, Уильям Шекспир, Уильям Фолкнер, Франц Кафка, Оскар Уайлд деп жауап бергендерге таңырқап қалдым. Демек менің замандастарым заманауи прозадан гөрі классикаға көбірек құмартады деген сөз ғой?

Әрине, шетел әдебиетін оқу дұрыс емес деп айтпаймын. Бір кітап оқыған адам өзгеше бір әлемді аралап шыққандай әсер алатыны сөзсіз. Ой-өрісін кеңейтіп, жақсыны үйренеді, жаманнан жиренеді. Кітап адамның жан дүниесін байытады, ақылды етеді. Дегенмен бүгінгінің жастары қазақ жазушыларының да керемет шығармаларын оқыса ғой. Мен сияқты біреу «қандай кітап оқыдың» деп сұрағанда «Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәмил Нұрпейісов немесе Оралхан Бөкеев десе, керемет емес пе?!

Тоғжан БЕРДӘУЛЕТ,

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ФММК факультетінің журналистика мамандығының 2-курс студенті

«ТОЛАҒАЙ БОП ТУЫЛМАДЫҚ ӘТТЕҢ-АЙ, АТЫРАУҒА ӘКЕЛЕР МЕ ЕМ БІР ТАУДЫ!?» ДЕП ЖЫРЛАҒАН ТАБЫЛДЫ ДОСЫМОВ – ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТКЕН АЛҒАШҚЫ БАРД АҚЫН.

БАРД АҚЫННЫҢ ӘНДЕРІ

Табылды Досымов Атырау облысы Индер ауданында 1965 жылы дүниеге келген. Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқыған. Кітап оқуға, білімге деген талпынысымен мектепте де, университетте де ерекше көзге түскен деседі. Ол өнер жолындағы алғашқы қадамын гармошка, балалайка, домбырада ойнаудан бастаған, кейін гитараны серік еткен.

Табылды Досымов туралы замандастары мен қаламгерлердің естеліктері аз емес. Өлеңдері кітап болып басылып, оқырмандар арасында қолдан қолға өтті. Әндері кең байтақ елінің рухын көтерді. Табылды ағамыз өз әндерінде еліміздегі бар шындықты ашық айтатын. Бард ақынның музыкаға деген құштарлығы соншалық, нотаны білмесе де ән жазуын тоқтатпаған, ән мен сөзін қатар жазған.

Табылды Досымовтың сахнасы - студенттер, кешкі отырыстар, туған күндер еді. Есте мәңгі қалатын сондай бір кештерде гитара асынған қазақтың қара домалақ баласы, қазақтың тұңғыш бард ақыны Табылды Досымов өзінің иірімге толы лирикалық әндерін шырқап, кештің шырайын келтіретін. Тіпті Табылдының өзі сол бір кеште отырмаса да, бүкіл қазақ жастары әндерімен тербелді. Ақынның сыршыл да сұлу, сағынышқа, сезімге, тәтті мұңға толы әндері айрықша.

«Жанарыңа қарауға жасқанамын еркем-ай,

Ару қызы сен бе едің астананың-ай»,

– деген әнінде Алматының жастар шаһары ретіндегі болмысы мен келбетін айрықша сипаттаған.

Қазақтың тұңғыш бард ақыны 45 жасына қараған шағында ұйқысынан оянбай қалды. Бірақ оның гитара асынып ән салып тұрған бейнесі, өткір сөзді поэзиясы мәңгі сақталып қалды. Оның әндерін қазіргі жастар, яғни біздер де сүйсініп тыңдаймыз.




Гүлсезім ДӘУРЕНОВА,

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ФММК факультетінің журналистика мамандығының 2-курс студенті

1923 ЖЫЛДЫҢ 1-ҚАЗАНЫНАН ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТЫҚ ЖАСТАР КОМИТЕТІНІҢ ОРГАНЫ, «ЖЕР ЖҮЗІНІҢ ЖАСТАРЫ БІРІҢДЕР!» ДЕГЕН ҰРАНМЕН «ЖАС ҚАЗАҚ» ЖУРНАЛЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ САНЫ ШЫҚҚАН. ЖУРНАЛ 1925 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ШЫҒЫП, ЖИЫНЫ 13 САНЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ.

Басылымның түпнұсқасы толығымен Ұлттық кітапхананың «Сирек қолжазбалар» қорында сақталған. Алғашқы саны 60-бет көлемінде басылған. Мұқабасында былай жазылған: *«Жас қазақ, Қазақстанның аймақтық жастар комитеті, саясат, әдебиет, һәм өнер, білім журналы, Шығарушысы: Жазушылар алқасы, Қазақстан мемлекеттік баспасы. Орынбор 1923 жыл»*, деп жазылған. «Журналда әртүрлі саясат, әдеби, өнер- білім, жаратылыс һәм ескі тарихи материалдар, романдар,

журналистер даярлауды мақсат етеді. Ауыл жастарын ұйымдастыру, олардың ауыл шаруашылығын дамытудағы жұмыстары жайында үнемі хабарлар, мақалалар



«ЖАС ҚАЗАҚ» ЖУРНАЛЫ ҰЛТ

сын, күлдіргі сияқты сөздер жазылып тұрады. Барлық қауым, авком, тілектес жас жазушылар, ақындар, әдебиетшілер, тарихшылар, көрші республикалардағы талапкер азаматтар үшін жұрттағы, төмендегі адрес бойынша алдыртып, жазылып та, тезірек алуын өтінеміз. Басқарма адресі: Оренбург, Троицкая, 37. Облком. Редакция журналы «Жас қазақ». Алдыртушыларға журнал: Жеке томдары алтынмен 25 тиын, көбірек алушыларға 20 тиын», деп Қазақстанның аймақтық жастар комитеті тарапынан журналдың соңғы бетіне жариялайды. Таралымы – 1500 дана. «Қазақстанның Аймақтық Жастар Комитеті 1923 жылдың қазанынан «Жас қазақ» журналын шығарды. Оның алғашқы шағарушылары – Е.Алдоңғаров, А. Оразбаев, А. Сегізбаев. Журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 нөмірі жарық көрді».

Журналдың алғашқы санынан-

ақ жастар арасында істелетін екпінді еңбекті жырлады, бағыт-бағдарды көрсетті. Басылым қазақ жастарының қолына тиіп, оларды өркениет жолына бастайды. «Жастар ұйымдасып, оқып, білім алсын, ел арасына шығып көшбасшылық қабілеттерін көрсетсін. Адамшылық секілді қасиеттерін дамытатын, тәрбиелейтін журнал өз міндетін атқаратынына сенеді. «Жас қазақ» жастарды болашаққа бастайтын құбылнамасы ретінде адастырмайтынына зор сенім білдіреді. Журналды кіндіктегі, не болмаса 2-3 кісінікі ғана қылмай, жалпы жас еңбекшіл қазақтікі (көптік) қылу. Елмен араласып, халықпен бір жасау, елдің ішіндегі жағдайдан хабардар болу, солардың тұрмыстарын, жақсы-жаман ұйымдардың істеген істерін жазып, республиканың аумағына ендіру, жастар арасынан қалам ұстайтын

жариялау, халық ағарту ісіне қатысты іс-шаралардың жүргізілу барысын қадағалау, жастардың тұрмысынан, мәдени іс-шараларға қатысуын, жалпы олардың арасында жүргізілген саяси жұмыстар және т.б. жайында хабардар ету екендігін келтірді. «Ұзақ өмір жасап, өз қажетінше ойдағыдай пайдалануы үшін еңбекшіл жастар журналды ұдайы оқып жүрер», – деп жазған.

«Жас қазақ» журналында «Әдебиет», «Өнер-білім», «Саяси», «Оқу-тәрбие», «Балалар», «Ресми», «Сыртқы хабарлар», «Жалпы» сияқты бөлімдер

бар. Мазмұнына сай, лайықты материалдар да басылды.

Журналдың 1-ші санында «Тілектес» есімді автор «Жастардың міндеті» атты мақаласын жариялайды. Мақалада жастардың болашақта атқаратын басты міндеттерін тізіп берді. «Заман заңы бойынша болашақ жастардікі.

Жастар бала емес, аға болды» деп, жастарға зор үміт артады, сенім білдіреді, «Осы күні жастардың оқымағандығынан көріп жүрген қорлығымыз көп, надандықты салт қалып баражатқандар да бар. Жастардың ұйымы мұндаймен бар күшімен күресу керек. Жастардың міндеті көп. Әсіресе ең басты міндет – олар оқу керек» – деп жазады.

«Жас қазақ» журналының мазмұны жақсарып, онда саяси мәні, жастарға тәрбиелік маңызы бар материалдар көптеп жариялана бастады. Е. Алдоңғаров, Б. Майлин, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, С. Дөнентаев М. Мурзин, Ж. Сәрсенбаев, С. Сәдуақасов, И. Игенов және т.б. жастар мәселесіне қатысты түрлі мақалалар жариялады. Журналдың редакторы ретінде Ерғали Алдоңғаровтың есімі

былай дейді: «Ол жастарды топтастырудағы, баулудағы әдебиет пен баспасөздің рөлін жақсы білді. Олар үшін газет-журналдар шығарып, «жаман қара балалардан» жас тілшілер тәрбиеледі».

Жастармен жұмыс ұйымдастыра білген Е. Алдоңғаров жастардың намысын қайрап, сауатсыздықпен күрескен. «Жас қазақ» журналының барлық сандарында бүркеншік атпен жазылған мақалалар көптеп кездеседі. Профессор Т. Қожакеев Е. Алдоңғаровтың бүркеншік есімдері ретінде: «Шұбартеңіз баласы», «Тамшы», «Қорғалшы», «Сартай», «Ер», «Е. А.» бүркеншік аттармен әр жанрда жиі жазған Ерғалиды замандастары жас әдебиетіміздің аз уақытында «Көп еңбек сіңірген еңбек батыры», деп біледі. Журналдың шығарушы-

отырды. «Жастар ұйымының қазақ қыздарын ұйымдастырып, оларды тәрбиелеу жолындағы міндетті жұмыстары» атты «Жөнеу» деген бүркеншік есіммен берілген көлемді мақала басылады. «Осы уақытқа дейін қазақ қыздары арасында ешбір жұмыс басталған жоқ. Әрине, бұған бірнеше себептер бар: қазақ қыздары жасынан малға сатылып, надан, қараңғыда қалып, өздеріне берілген бостандық үшін жүзеге шығаруға белсене жұмысқа кірісуге, білім күші жоқтығы. Бірлі-жарым оқыған көзі ашыққазақ қыздары: әйел бөлімінде жұмыс етсе де, жастар ұйымының жұмысына араласы жоқ, болса да аз», деп қазақ қыздарының қоғамдық жұмыстарға араласу, білім алу мәселелерін қозғайды. Жастар арасындағы қазақ қыздарының қоғамға араласуы, ер

ЖАСТАРЫНЫҢ ҮНІ БОЛДЫ

аталады. Ал Смағұл Сәдуақасов 1923 жылы «Жас қазақ» журналының шығарушылар алқасының құрамына енеді.

Ерғали Алдоңғаровтың журналдың шығарушы редакторы болған қызметі жөнінде жазылған естеліктер мазмұнында оның әдебиетті ерекше жақсы көргенін оқимыз. Сол әдебиет арқылы жасөспірім балаларды тәрбиелеп жүргені туралы деректер де кездеседі. Ерекше сүйген ісі баспасөз болған. Журнал бұл туралы «Ерғали баспасөз жұмысын сүйеді. Бұған беті-қолы, аузы-мұрнын баспахананың қара бояуына бояп, көк түтінге шашалып, баспа жұмыскерлері арасында газет-журнал жұмысында жүргені дәлел» деп жазады.

Бұл орынды пікір, даусыз шындық екенін профессор Т. Қожакеев Ерғали Алдоңғаров жайлы жазған «Аққан жұлдыз» естелігінде

редакторы ретінде танылған Ерғали Алдоңғаровтың өмірбаянына қысқаша тоқтала кетсек. Ерғали Алдоңғаров Қостанай облысы, Қарабалық ауылындағы Шұбартеңіз ауылында 1901 жылы өмірге келіп, 1930 жылы Троицк қаласында дүние салады. Ресми журналистік қызметін Ерғали Алдоңғаров 1921 жылы «Еңбекшіл қазақ» газетін ұйымдастырып, шығарысудан бастайды. «Еңбекшіл қазақты» аяғынан тұрғызып... не қиыншылыққа шыдап, басқарманың бар жұмысын мойындарымен сүйреп, қызмет істеген, 21-22 жылғы «Еңбекшіл қазақтың» өзегі мына төмендегі үш жолдас еді», деп жазып, Жүргенұлы Темірбектің, Байділдәұлы Әбдірахманның және Алдоңғарұлы Ерғалидың суреттерін басқан.

Журнал беттерінде қазақ жастары, оның ішінде қазақ қыздарының мәселелері жан-жақты көтеріліп

азаматтармен қатар білім алуын қолдап жазған журналдың қазақ әйелдерінің арасында беделге ие болғанын да айта кеткеніміз жөн.

«Жөнеу» деген бүркеншік есімге келетін болсақ, ол журналдың жауапты хатшысы Аманғали Сегізбаевқа тиесілі екені мәлім. «Жас қазақ» журналында «Әйелдер бөлімі» бойынша «Қазақстандағы комитет жастар ұйымына ескерту», «Қазақ қыздары», деген Жанәліқызының мақаласы басылады.

Мұқамбет Қанапия Қазанқапұлының «Баспасөз» мақаласында қазақ жеріндегі баспа өнерін үйрену, алғашқы баспа өнімдері жайында жазылған. «Қазақ тарихына болмаған ең бірінші баспа өнерін үйрететін 23 балалық курс ашылып, өнер курсына оқушы алып, кедей қазақ балалары курстың ашылғанына үш-төрт ай болса да осы күнде олар

істерін жақсы түсініп, жаңа бірнеше кітаптар да басып шығарды. Бұл курсты Қазақстанның қазақ кедейіне шақырған көп еңбектің ішінде тиісті жеміс берген үлгілі курс деуге болады.

төртке бөледі:

1. Әдебиет үйірмесі;
2. Театр үйірмесі;
3. Ән-күй үйірмесі;
4. Саясат үйірмесіне бөліп

оның барлық жұмыстары театр

ұйымдарынан түскен ақшадан, еркін жәрдемнен құралады». Үйірменің құрлысы ретінде «Әдебиет» үйірмесіне баса тоқталған. Әдебиет үйірмесінің мақсаты:

- «Жазуға қабілеті бар балалар

«ЖАС ҚАЗАҚ» ЖУРНАЛЫ ҰЛТ

«Жас қазақ» журналының біріктіріліп шыққан 12,14-ші санының 42 бетіндегі «Қазақша сөздер аттары» мақаласын жариялайды. Мал шаруашылығымен айналысатын халық, біртіндеп егін егумен, жерді игерумен шұғылдана бастайды. Осы кездері ауылшыруашылық саласына еніп жатқан сөздерді қарапайым халық ұғымына таныстыру мақсатында оның қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі тұрмыстық атауларын басады:

Журналдың қай санын алып қарасақ та, жастар мәселесі алдыңғы орында. «Жастар арасындағы жұмыс» атты мақалада жастар арасында жүргізіліп жатқан жұмыстың қиындығына тоқталады. Бірінші мәселе – ол жұмыс қолының жетіспейтіндігін, жұмыс болса жастардың тәжірибесінің жетіспеушілігін мәселе етіп көтеріп, оқырманға ой салады.

«Жас қазақ» журналында Жүсіпбек Аймауытовтың жазғандарын байқаймыз. Әсіресе, журналдың біріктіріліп шыққан 5-6 сандарындағы «Орынбордағы қазақ институты, оқушылары ортасындағы саяси-ағарту ережесі», ұйым мақсаттары жарияланады. Бұл ереженің жалғасы журналдың келесі 7-8 сандарының «Ағарту-білім» бөлімінде де басылған.

Журналда «Орынбордағы қазақ институты, оқушылары ортасындағы саяси-ағарту ережесі» жарияланған. Ұйымдарды «Саяси-ағарту үйірмесі» деп

12-13 سان

«جاس قازاق»

106 بہت

[illegible]

ایمانت ولی جوسیدہک.

«جاس قازاق» جورنالنىڭ ەسكى جازىۋىشلارنىڭ بىرى. سەمەي كۆپىنچە سەمەيلىك، كەڭەڭمەننىڭ زامانى. ۋەشىستىل. «بىننەرتاقسىمونال» (ويان قارمىس تاڭبا

күндегісін күнде, көрген білгенін, естігенін жазып отыратын, күнделік дәптер болса тым жақсы, күнделікке жазған сөздерін: ауылдастарының, жолдастарының, қызметшілердің мінез құлығы туралы күнделікті

сақталған «Жас қазақ» журналының түпнұсқасынан «Тұңғыық теңіз астында» өлеңінің астынан «Аударған Жүсіпбек» деген жазуды оқыдық. Бірақ журнал басқармасы өлеңнің бас иесін жазбаған.

«Тамшы» бүркеншік есімдермен Ерғали Алдоңғаровтың «Мектептегі біздің бір жұмыс», «Шұбар теңіз баласы» атымен «Жастар ұйымының жол жобасын үйрену керек» деген мақалалары басылған.

ЖАСТАРЫНЫҢ ҮНІ БОЛДЫ

жазып балаларға жүгіртіп жазуға да, әр кім өзі үшін жазуға да болады.

– Жазба газет, журнал шығар: мазмұны көбінесе оқу, білім, әдебиет жағына аударлығыны жөн. Газет журналды бастыруға қымбат, қолдан жазу көбейтуге күш, уақыт керек. Сондықтан, көбейту үшін түрлі саймандар тауып алу керек.


– Халық аузындағы мысқыл сөздері, ертегі, мақал, жұмбақ, тақпақ, жыр, һәм билердің, ақындардың батырлардың сөздерін, әңгімелерін жинап, жазып, жолдастарына да соны тапсырып, жиналған сөздерді әр кітап, газет-журналдарға басу, яки оқу мекемелеріне сату.

Жас қазақ журналының сәуір-мамыр айларында біріктіріліп шыққан 7-8 сандарының 17-бетінен Жүсіпбек Аймауытовтың «Тұңғыық теңіз астында» деген (Өлеңмен жазылған сөз) аудармасы басылған. Бұл өлең туралы Жүсіпбек Аймауытовтың «төл туындысы» деген жаңсақ пікірлерді де байқаймыз. «Жаңа бір қызық стильде жазылған өлең – «Тұңғыық теңіз астында». Бұл өлеңнің жаңалығы – қазақ өлеңіне үйреншікті сыртқы ұйқасты сақтауда емес, ішкі ырғақ байлығында. Ол ақ өлеңмен жазылғандай еркін оқылады. Ақын суды тіліп, көк теңізде келе жатқан кемені теңіз тулап мерт еткенін әдемі суреттермен береді», - деп жазған академик Серік Қирабаев.

Ал біз, ҚР Ұлттық кітапханасының «Сирек қолжазбалар» қорында

Жүсіпбек Аймауытовтың баспасөздегі бүркеншік есімдерін қарастыратын болсақ, зерттеуші ғалымдардыңмына деректеріне жолығамыз: «Ғалым Бейсенбай Байғалиев 1989 жылы «Жүсіпбек Аймауытовтың бүркеншік есімдері» деген арнаулы мақала жазып, оның «Қызылтаулық», «ЖК», «Қызылбас», «Жанақ», «Келешек», «Тоқашбай», «Екеу» деген бүркеншік есімдерін атаса, сол жылы ғалым Т. Қожакеев бұларға қоса публицистің «Ермағамбет», «Қып-қызыл», «Шоғарақы» деген тағы үш бүркеншік атын көрсетеді. Ал жүсіпбектанушы ғалым Н. Қуантай өзінің «Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы» еңбегінде «Қызылбас» екі ғана әңгімесінде («Томарбай мен қатыны» және «Жаңабайдың жанындағы трагедия») қолданған аты», - деп көрсетеді.

Ж. Аймауытовтың «Томарбай мен қатыны» және «Жаңабайдың жанындағы трагедия» шығармалары «Қызылбас» деген бүркеншік есіммен журналдың 7-8 сандарында басылған. «Тамшы», «Сартай», «Шұбартеңіз баласы», «Қоғылшы» бүркеншік есімдері журналды шығарушы Е. Адоңғаровқа тиесілі.



Тұжырымдай келе, «Жас қазақ» журналы жастар арасында үлкен ықпалға ие болғанын бағамдаймыз. 1923 жылдың қазанынан жарыққа шыққан журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 саны жарыққа шықты. «Жас қазақ» журналы жастар арасында кең тараған, жастар мәселесін үндеу арқылы жастарға ой сала отырып, оларды жұмылдырып, армандарына қанат бітірген.

Алтын АҚЫНБЕК,
зерттеуші, PhD доктор



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ**ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА
ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ.****ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК
САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА
БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР,
АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.****КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ӨМІРЖАН БАЙТЕКОВТІҢ ӘНШІ ДӘУРЕН
ТҰРАТБЕКПЕН СҰХБАТЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.**

Жуырда еліміздегі ауқымды
мега жоба «Ұлы дала жорығы»
марафон-бәйгесі мәресіне
жетті. Еліміздің 17 облысы мен
үш қаласынан қатысқан 20
команданың ішінде Алматы
шаһарының намысын қорғаған
шабандоздар 14 күндік бәйгеде
мәреге үшінші болып келді.

Мен өзім де бала күнімнен
атқұмар болып өстім. Қазір де
қолым қалт етіп, жұмыстан
босаған уақытта атқа мініп
серуендегенді жақсы көремін.
Алматы қаласының командасында
марафон-бәйгеге қатысқан
азаматтардың бірі – әнші Дәурен
Тұратбек. Әнші шабандоздан
жарыстың қалай өткенін сұрап,
тілдестік.

– Дәурен, «Ұлы дала жорығы»
марафон бәйгесіне қалай жолың
түсті?

– Өзім де бала күнімнен бәйгеге
қатыстым, атбегі ағалардың тайына,
есейгенде аттарына мініп, жарысқа
қосылдым. Атқа ерекше қызығамын.
Қазір өзі де ат баптауға бет бұрып
жүрмін. Бұл марафон бәйгеге
былтыр да қатысқым келді, бірақ
жолым түспеді. Биыл Алматы қаласы
бойынша іріктеуден сүрінбей, 1300
шақырымдық марафон бәйгені
толыққанды шауып өттік.

ӘНШІ ШАБАНДОЗБЕН ӘҢГІМЕ



– Өзіміз де Алматы қаласының
тұрғыны болғандықтан, оңтүстік
мегаполистің командасына
ерекше жанкүйер болдық.
Марафон-бәйгенің чемпионы
атануға мүмкіндік болды ма?

– Әрине, 20 команданың арасынан
үздік шығуға барымызды салдық.

Бірақ біздің бір атымыз мәреге
жақындап қалғанда аяғынан
ақсап, уақыттан ұтылды. Әйтпесе,
чемпиондыққа таласуға болатын еді.

– Өзіңді замандастарың
әнші деп біледі. Сайын далада,
кең жазира төсінде әуелетіп
ән салғаныңды да әлеуметтік
желіден көріп қалдық.

– Иә, «Ұлы дала жорығы»
марафон-бәйгесін ұйымдастыру
комитетінің өкілдері әлеуметтік
желідегі парақшамнан менің әнші
екенімді байқап, қолқалап ән
сұрады. Әрбір кезеңді өндірген соң

аялдап, ас-ауқат ішіп, атымызды
отқа қойып әңгімелесеміз, ән
айтып, би де билейміз. Сондай
кезде меннен де ән сұрайды.
Бойымыздағы бұла өнер бұғып
қалмайды қашанда, көпшіліктің
қалауына орай ән де шырқап
бердім.

– Марафон-бәйгенің
13-кезеңінде қандай
қиындықтар туындады?

– Сайыс болған соң
сынақтардан өтетінің белгілі.
Бірақ біз осындай қиындық,
кедергі тап келетінін алдын
ала білдік. Сондықтан қандай
жағдайға тап болсақ та
шыдаймыз деген ойға бекіндік.

– Келесі жылы да қатысу
ойда бар ма?

– Реті келсе, іріктеуден өтсек
бәрі де мүмкін. Бұл жобаның
болашағы зор деп айтар едім.
Сондықтан да әрбір адам
қатысқысы келеді. Қазақ баласының
ептілігі мен мықтылығы қатар
сыналатын сынақ марафон-бәйге
жалғасын та берсін деймін.

Өміржан БАЙТЕКОВ,
курсқа қатысушы

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретшіКәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджерӘбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілшіМақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)